

## Шортанды №3 қазақ орта мектебі Үйден оқытуға түсініктеме

Үйден оқыту үшін оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығына 59-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 59-қосымша Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша үйде оқытылатын білім алушыларға арналған жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары негізінде оқу жоспары негізінде жасалды.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен денсаулық жағдайына қарай ұзақ уақыт бойы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын азаматтар үшін үйде тегін жеке оқыту (бұдан әрі – үйде оқыту) ұйымдастыру қарастырылған. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды орта білім ұйымдарында немесе арнайы білім беру ұйымдарында тәрбиелеу мен оқыту медициналық көрсеткіштерге байланысты мүмкін болмаған жағдайда ата-ананың (немесе заңды өкілдердің) мүддесін ескере отырып, белгіленген тәртіпте оқыту үйде жүргізіледі [1,2].

Стандартқа сәйкес үйде оқыту бойынша мемлекеттік қызмет заңды өкілдің өтініші (еркін түрде) бойынша дәрігерлік-консультациялық комиссия анықтамасының және мүгедек балаларға ұсынылатын білім беру бағдарламасы жөнінде психологиялық-медициналық-педагогтік консультация қорытындысының негізінде бастауыш сынып оқушысына жеке үйден оқыту қарастырылған.

Денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын білім алушылар үшін үйде жеке тегін оқыту ұйымдастырылады.

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін «Ақмола облысының білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің оқу жұмыс жоспары 2021-2022 оқу жылы /10-сынып/ Үйден оқыту**

№	Оқу пәндері	Апталық жүктеме	Жылдық жүктеме
<b>Инварианттық компонент</b>			
<b>Міндетті пәндер</b>			
1	Алгебра және анализ бастамалары	2	68
2	Геометрия	1	34
3	Информатика	1	34
4	Қазақ тілі	2	68
5	Қазақ әдебиеті	2	68
6	Орыс тілі мен әдебиеті	2	68
7	Шетел тілі (ағылшын тілі)	2	68
8	Қазақстан тарихы	2	68
<b>Таңдау бойынша пәндер</b>		2 сағаттан 2 пән	
<b>Тереңдетілген деңгей</b>			
12	Дүниежүзі тарихы	2	68
13	Құқық негіздері	2	68
<b>Оқу жүктемесі</b>		4	
<b>Стандартты деңгей</b>		1 сағаттан 1 пән	
	Химия	1	34
<b>Инварианттық оқу жүктемесі</b>		<b>19</b>	<b>646</b>
<b>Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі</b>		<b>19</b>	<b>646</b>